

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 тамыздағы N 871 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 20 желтоқсандағы Заңына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі

N 1449 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне" деген бөлімдегі реттік нөмірлері 230, 236-2, 236-5, 236-7, 236-10, 236-11, 236-15, 237-1, 237-1а 237-17-жолдар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бөлімдермен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту комитетіне

283 АЛА - 002060 "Иналмасалтын" ААҚ

284 КО - 002456 "Қазмырыш" АҚ

285 "Қазақжарылысөнеркәсібі" ЖАҚ

286 "Қазқараметавтоматика" АҚ

287 "Қазақстан инжиниринг" ұлттық компаниясы (Kazakhstan Engineering)" ААҚ

288 "Авиаөнеркәсіп" ЖАҚ

289 "Қазақстандық келісім-шарт агенттігі" АҚ

290 "Қазақстантрактор" ААҚ

291 "Ұлттық инновациялық қор" АҚ

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестиция комитетіне

292 "Қазақстан инвестицияларға жәрдемдесу орталығы" ЖАҚ";

3) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796; 19.09.2014 № 995 қаулыларымен.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 қыркүйектегі N 996 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 30, 330-құжат), 1-тармақтың 3) тармақшасын және 3-тармақты қоспағанда;

2) "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 қарашадағы N 1220 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 41, 414-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 24 тамыздағы
N 871 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 26 қарашадағы
N 1237 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Инвестиция комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі
Акционерлік қоғамдар

1. "Қазақстан инвестицияларға жәрдемдесу орталығы" жабық акционерлік қоғамы,
Алматы қаласы.